

ұпай сандарына карап, көп ұпай жинаған дарынны жағына жетілдіре оқыыла түседі.

Негізгі критерилер	Төмен	Орташа	Жоғары
Жауап толық ашық түрде берілген			
Жауаптың сұраққа дәлдігі			
Шығармашылық сипат			
Жауапқа ұқсастығы			

Төмен- 1 балл, орташа -3 балл, жоғары -5 балл.

4- 7 балл аралығы қызыл деңгей, 7-15 балл - сары деңгей, 15-20 балл - жоғарғы деңгей.

Оқушы әр дарындылыққа берілген тапсырмалардан берілген он тапсырманың сегізінен жоғары деңгейге жауап беру керек

*Әдебиеттер:*

1. Ү.Б. Жексенбаева. Балалардың дарындылығын диагностикалау әдістемелік құрал. «РАД иАЛ» баспасы « Алматы». -2005.
2. Дарынды балалармен жұмыс//Қазақстан мектебі. -2008
3. Дарынды оқушымен жұмыс//Мектеп директорының орынбасары. – 2010, -№1.
4. Уикипедия

*Аманкелді Д.Б.*

*«Информатика» мамандығының 2 курс магистранты,  
академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

*Омаров А.М.*

*ф.ғ. ғ.к, доцент, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

## **DELPHI ОРТАСЫНДА ТЕСТІЛЕУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚҰРУ**

Компьютер технологиясының көмегімен оқыту идеясының пайда болғанына біраз уақыт өтті. Себебі компьютер адам тәрізді ойланады және компьютер мен адам арасындағы диалог жүргізіледі. Адамзат өмірінің барлық саласында компьютер

қызметі пайдаланылады. Білім беру саласындағы компьютердің маңызы өте жоғары. Жоғары оқу орындарында студенттердің білімін тексеру компьютердің арқылы жүзеге асады.

Компьютер көмегімен білімді тексеру – жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың қызығушылығын тудыратын анық.

Тестті кез келген сабақта қолдану оқытушылардың сабақта деген қызығушылығын арттырып, өз білімін өзі жетілдіруіне талпыныс құлшынысын тудырады. Тест тапсырмаларын орындау барысында басты мақсат-міндеттер анықталады. Яғни, білімнің алдын ала жұмысы төмендегі қағидалар мен нұсқауларды біліп алудан тұрады [1]:

- педагогикалық теория өлшемдерінің бағамдау ұғымы – педагогикалық тапсырмалар;

- тест тапсырмаларын құрастырудағы түрлі элементтерді орналастыру

  - мен ұйымдастырудың ұстанымы;

  - тест тапсырмаларының түрлеріне қойылатын талаптар;

  - синтаксис бойынша тест тапсырмаларын жасау үлгілері.

Тест әдісін қолданғанда оқушының жасын ескеріп, оларды жаңалыққа үйрету, ізденіске талпындыру, жинақылыққа, шапшандыққа, өзін-өзі тексеруге, қатесіне көзін жеткізуге, уақытты үнемдеу, салыстыру және тексеру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндіктер мол.

Тест тапсырмаларын орналастыруда шығармашылықпен қарау және түрлі мазмұнды жан-жақты біріктіру көзделеді. «Test» - «проба» «проверка», мүмкіндіктерін тексеру, байқау мағынасында беріледі де, тест түріндегі тапсырмаларға қойылатын талаптарды білу көзделеді:

- тест тапсырмасының мақсаты айқын болуы;

  - қысқалық;

  - технологиялық;

  - айтылымның логикалық түрі;

  - жауаптар үшін орынның анық көрсетілуі;

  - тәжірибеден өтушілер үшін нұсқаудың бірдейлігі;

  - тапсырма мазмұны мен түрлері нұсқауларының нақтылығы.

Тестілеу бұл білім моделдерінің сәйкестігін бағалау. Тестілеудің басты мақсаты – бұл модельдер мен олардың дейгейлерінің сәйкес еместігін бағалау. Тесттік тапсырма белгілі бір пән бойынша нақты тапсырма, белгілі бір жауапты талап етеді.

Өзара байланысқан тесттік тапсырмалар жиынтығы тест деп аталады, ол оқушының білім деңгейін бағалауға рұқсат етеді. Көлемі толық және уақыт бойынша тиімді тестті – нәтижелік тест деп атайды. Тест оқу процесін бақылау әдісі ретінде қолданылады. Республикадағы жоғары оқу орындарындағы студенттердің білімін бағалауда тестілеу қолданылуда.

Delphi негізін тілдің өзі ғана құрамайды, сонымен қатар RAD (Rapid Application Development) - программаларды тез құру ортасы болып табылады. Визуалды программалау, сонымен қатар визуалды компоненттердің үлкен кітапханасының арқасында Delphi негізгі жұмысты өзіне алып, орындауына творчесвалық жұмысты қалдырып, программаларды тез әрі әсерлі құруға мүмкіндік береді. Әрине Windows үшін кәсіби қосымшаларды тез құру мүмкіндігінің арқасында бағалат баласының жұмыс салаларының барлығында Delphi – программистер сұранысқа ие [2].

Бағдарламаның бастапқы титулдық бетіне Image, Button1 компоненттері қойылды. Титулдық беттің көрінісі (1-суретте) көрсетілген.




1 - сурет Титулдық беттің көрінісі

Бағдарламаны құру үшін бірінші форма бетіне Label1, Image, Button1, Button2, Button3 компоненттерін қойдым. Image компонентінің Picture қасиеті арқылы өзіме қажет фондық сурет таңдап алдым және сурет барлық бетті алып тұру үшін Align қасиетінің alClient қасиетін таңдадым. Label1, Button1, Button2, Button3 компоненттерінің Properties – қасиеттер бөлімнен Carbon арқылы тақырыптарын өзгерттім. Форма көрінісі (2 – сурет) көрсетілген.

Кейін Button1, Button2, Button3 компоненттеріне төмендегідей процедуралар енгізілді.

```
procedure  
TFForm1.Button1Click(Sender: TObject);  
begin  
Form2.Show;  
end;  
procedure TForm1.Button2Click(Sender: TObject);  
begin  
Form3.Show;  
end;  
procedure TForm1.Button3Click(Sender: TObject);  
begin  
Form4.Show;  
end;
```



2 – сурет Form 1 көрінісі


Форма беті мен код жазылған терезенің көрінісі нәтижесінде (3-суреттегідей) болады.



3 – сурет Unit1 және Form1 көрінісі


Пән таңдалған соң, тест тапсырмасы шығады. Әрбір сұрақтың бес жауабы бар. Батырманы басып сұрақтың жауабын таңдау арқылы жауап береді. Тест тапсырмасының орындалу терезесі (4-суретте) көрсетілген.

- 1 Тест сұрақтар көрсетілетін жер;
- 2 Тест сұрақтарының нөмірі;
- 3 Тестке берілетін уақыт;
- 4 Тест жауаптарының ұқсасы;
- 5 Келесі сұраққа өту батырмасы;
- 6 Тест тапсырылып отырған пән атауы;
- 7 Алғашқы пән атаулары көрсетілген бетке өту.



4 - сурет Тест тапсырмасын орындау терезесі

Барлық тест сұрақтарына жауап берілген соң, тест нәтижесін көрсететін терезе пайда болады (5-сурет):



5-сурет Дұрыс жауап терезесі

Тесттер білімді, біліктілікті бағалаудың бір түрі. Тестілеу студенттердің білімі мен біліктілігін объективті бағалауға, стандарттарға сай студенттердің даярлығын тексеру, оқушыларды дайындағанда мәселелерді шешуге пайдасы тигізеді.

Қазіргі кезде тест тапсырмаларының мақсаты білімді бақылау ғана емес, оқыту мақсатында да кең қолданылу қарастырылуда. Сонымен қатар тест тапсырмалары оқу мазмұнына сай келуі, және оқушылардың берік меңгеруіне жіті назар аударылуда. Жұмыстың мақсаты метептерде, жоғары оқу орындарында компьютер көмегімен тест тапсыруға арналған бағдарлама құру.

Жалпы тестілеу оқу орындарында білім деңгейін бағалау үшін, жұмысқа орналасу үшін, қызметкерлердің квалификациясын бағалау үшін қолданылады. Тест тапсырушылар бірнеше сұрақтар беріледі және міндетті түрде бірнеше жауаптары болады, солардың ішінен дұрыс деп тапқан жауабын белгілеу міндетті.

#### *Әдебиеттер:*

1. Балтыкбаев Т.О. Педагогические и технические основы формирования студенческого контингента. Монография диссертация, Алматы, 2001.
2. Бобровский С. «Delphi 7» учебный курс, Санкт-Петербург, 2005.